

Ғылыми мақала  
FTAMP 15.31.31

<https://doi.org/10.55956/ZQKP8126>

**Г.Ғ.Паримбай** 

оқытушы

*Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті*

*Шымкент, Қазақстан*

[gulzhanat.parimbay@bk.ru](mailto:gulzhanat.parimbay@bk.ru)

**М.М. Досанова** 

оқытушы

*Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті*

*Шымкент, Қазақстан*

[makpal-dosanova@mail.ru](mailto:makpal-dosanova@mail.ru)

**А.Ш. Баймахова**

оқытушы

*Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті*

*Шымкент, Қазақстан*

[aknur.bajmaxova@mail.ru](mailto:aknur.bajmaxova@mail.ru)

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ СТАТУСТАРҒА СӘЙКЕС СТУДЕНТТЕРДІҢ МАҒЫНАЛЫҚ-ӨМІРЛІК БАҒДАРЛАРЫН ЗЕРТТЕУ

**Аңдатпа.** Мақала әлеуметтік желілердің қазіргі жастар өмірінің құндылық бағдарлары мен мағыналарын қалыптастырудағы әсерін зерттеуге бағытталған өзекті тақырыпқа арналған. Бұл мақалада студенттердің «Инстаграм» әлеуметтік желісіндегі статустарының мағыналық-өмірлік бағдарлары мен олардың құрылымдық мағынасын зерттеу нәтижелері келтірілген; қыздар мен ұлдардың өмірлік бағдарлардағы ұқсастықтары мен айырмашылықтары және әлеуметтік желідегі статустарын құрылымдық мағынасына сай таңдау ерекшеліктері қарастырылған. Зерттеу жұмысы негізінде студенттік топтарда «Мағыналық-өмірлік бағдарлар» шкаласы негізінде «Өмірлік мақсаттар» және «Бақылау локусы – Мен» шкаласы бойынша айтарлықтай айырмашылықтар анықталды. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес қыздар – ұлдармен салыстырмалы түрде өз өмірлерін мағыналы деп санайды, болашағын жоспарлайды, өздерін өз өмірінің қожайыны деп есептейді. Ал ұл балалар – өз өмірінің мағыналарын салыстырмалы түрде аз деңгейде анықтайды және болашаққа мақсат қоюға бейім емес, сондай-ақ мақсатты жүзеге асыру өздеріне тым аз мөлшерде тәуелді деп санайды. Мақалада әлеуметтік желідегі статустардың өмірлік бағдарлардың мағыналық жағымен өзара байланысының корреляциялық талдауы ұсынылады. «Көшбасшылыққа/беделге ұмтылу» статусын таңдайтын жастарда мағыналық-өмірлік деңгейі төмен екендігі анықталды, олардың болашақтағы мақсаттары мейлінше беделділікке және көшбасшылыққа байланысты, сондықтан өз-өзіне үміт арту деңгейі төмен екендігі байқалады. Зерттеу нәтижесінде, ұл

балалар мақсатты таңдау үшін жоғары жауапкершілікті алуға дайын еместігін байқатты, десе де көбінесе «Достық құндылығы/эмпатия» мағынасындағы статусы таңдайды. «Махаббат/сүйікті адам» статусын таңдаған ұлдар мен қыздар өмір процесін, оның тиімділігін жақын адамымен, онымен қарым-қатынасымен тығыз байланыстырады. «Материалдық тәуелсіздікке ұмтылу» статусын таңдаған қыздар өз өмірінің толыққанды қожайындары болып табылады, өз қалауы бойынша өз өмірін құра алады, ал болашақта олардың мақсаттары материалдық тәуелсіздікпен байланысты.

**Тірек сөздер:** мағыналық-өмірлік бағдар; әлеуметтік желідегі статус; Инстаграм әлеуметтік желісі; жастар; әлеуметтену.

**Кіріспе.** Ғаламдық интернет желісі бүгінде бүкіл әлемдік қоғамның, әсіресе өскелең жастардың өмірінің үлкен әрі маңызды бөлігіне айналды. Осыған байланысты көптеген зерттеушілер қоғам идеалдарының жаңаруын және тұлғаның өмірлік бағдарларының өзгеруін, сондай-ақ әлеуметтенудің бүкіл бағытының түрленуі мәселелеріне басымдық беруде. Қоғам құндылықтарындағы өзгерістерге және әлеуметтік өзгерістерге барынша сезімтал жауап береді, себебі барша құндылықтар мен нормаларды идеалдар мен абберациялардың басты әрі тікелей тасымалдаушысы болып отырған Интернет қызметтерінің негізгі тұтынушысы – осы жастар болып табылады.

Бүгінгі таңда жүргізіліп жатқан көптеген әлеуметтік және психологиялық зерттеулерде жастар субмәдениетін талдауға және олардың құндылық бағдарлары мен мағыналық-өмірлік бағдарларын зерттеуге ерекше орын берілуде.

Тұлғаның құндылық және мағыналық-өмірлік бағдарларының қалыптасуы мен динамикасы мәселесі А.Г.Хайбулаеваның (2015), Е.М.Насрадиннің (2010), Ф.М.Осиповтың (2015) зерттеулерінде, тікелей жастардың жас ерекшеліктеріне байланысты қарастырылады [1-3, б.24]. Кленова М.А. жастардың әлеуметтік әл-ауқатымен мағыналық-өмірлік бағдарлардың өзара байланысын анықтады [4, б.79-84].

Сондай-ақ Осипов Ф.М. болашақ психологтардың кәсіби маңызды өмірлік бағдарларының қалыптасу моделін ұсынады. Ғалым өз зерттеуінде студенттердің көпшілігінде рухани құндылықтардың қалыптасу деңгейі өте төмен екенін анықтады [3, б.25]. Ал болашақ педагог-студенттердің өмірлік бағдарларының ерекшеліктерін Т.Н.Князева, А.Р.Масалимова, М.Б.Батюк зерттеді [5]. Ресейлік әлеуметтанушы А.Н.Михайлюк өзінің зерттеуінде жастардың жаңа виртуалды қауымдастығы туралы: «Виртуалды қауымдастық қашықтық пен шекараны еңсере отырып, көптеген адамдарды біріктіреді және сонымен бірге мәдениеттің өзіндік жаңа формасын – Интернетті пайдаланушылар қауымдастығының субмәдениетін тудыртады» ерекше нормалар, құндылықтар, қызығушылықтар, арнайы жаргондар және тіпті өмірдің мәні туралы ерекше түсініктерге дейін қалыптастырады [6, б.26-30.].

Әр түрлі өмірлік жағдайлардағы жастардың өмірлік бағдарларын (мамандық таңдау, өмірлік серік таңдау) орыс ғалымы А.В.Мальгина әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан зерттеді [7, б.26].

М.С.Безбогованың жұмысында қазіргі жастардың, әлеуметтік желілердің белсенді қолданушысы ретіндегі тұтас әлеуметтік-психологиялық портреті сипатталған. Зерттеушінің пікірінше, қазіргі жастар: жетістікке

жету, креативтілік, өзіндік маңыздылығы мен құндылығын арттыру, өз тұлғасына баса назар аудару; бүгінгі күнге баса назар аудару сынды қасиеттермен сипатталады [8, б.25].

Әдебиеттерді талдау қазіргі жастардың құндылық бағдарлары мен әлеуметтік көзқарастарының қалыптасуына әлеуметтік желілердің әсерін зерттеуге деген қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетеді. Көптеген ғалымдар өз жұмыстарын осы мәселе аясындағы тақырыптарға арнады: «Әлеуметтік желілердің жастардың әлеуметтенуіне әсері» Д.С.Лагутианың және А.А.Степанованың (2015) жұмысында көрсетілген; Инстаграм әлеуметтік желісіндегі студент тұлғасының психологиялық тәуелсіздігі мәселесін А.А.Шаповаленко зерттеді (2016); Бірінші курс студенттерінің мағыналық-өмірлік бағдарларына интернетке тәуелділіктің әсерін ресейлік ғалым В.Ф.Доронина өз зерттеу жұмысында сипаттайды (2017); Интернет пен жастардағы әлеуметтік мінез-құлықтың өзара байланысы Н.Н.Самсонованың зерттеулерінде қарастырылды (2018)[9-11].

М.С.Безбогова әлеуметтік желіге келесідей анықтама береді: «әлеуметтік желі – бұл жеке тұлға қарым-қатынасының нақты құрылымын қалыптастыра отырып, әлеуметтік байланыстарды орнататын, кеңейтетін және тереңдететін виртуалдандырылған әлеуметтік орта; онда тұлға әлеуметтенеді, өзін-өзі актуалдандырады, оны қызықтыратын кез-келген ақпаратты белгілі бір формада әр түрлі байланыс арналары арқылы жасайды және тұтынады. Әлеуметтік желілердің қасиеттері – виртуалдылық, медианалық және интерактивтілік» [9, б.25].

«Әлеуметтік желі» терминін 1954 жылы ағылшын әлеуметтанушысы Джон

Барнс енгізген, дегенмен бұл ұғымды сол кезде тек математика ғалымдары мен әлеуметтанушылар қолданған. Әлеуметтік желі ойлау еркіндігін және виртуалды қарым-қатынасты дамытуға арналған. Ресей ғалымдары Д.С.Загугин мен А.А.Степанованың (2015) зерттеу нәтижелері бойынша әлеуметтік желілер қазіргі жастар өмірінің маңызды бөлігін құрайды. Ғалымдардың 2021 жылы жасаған зерттеу нәтижелері бойынша жастар бос уақытын өткізу кезінде интернеттегі қарым-қатынасты (сауалнамаға қатысқандардың 75%) бірінші орынға қояды[10, б.111-116].

Н.Н.Самсонова өз зерттеулерінде әлеуметтік желілер қолданысының мінез-құлықтың өзгеруін қоғамның бағалау не бағаламау реакциясынан қорқыныш сезімін сезінетін әлеуметтік фасилитацияға бейім жастар арасында танымалдығы туралы айтады[11, б.27].

Инстаграм әлеуметтік желісі – танымалдығы мен қаралымы бойынша Қазақстанда алғашқы орындардың бірін алады. We Are Social және Hootsuite аналитикалық агенттіктерінің мәліметтері бойынша 2021 жылы қазақстандықтардың 71%-ы Инстаграм желісінің қолданушысы болып табылады. Достарды, әріптестерді, таныстарды, туыстарды іздеу – бұл сайттың негізгі бағыты. Біздің зерттеуіміздің негізінде әлеуметтік желідегі «статус» ұғымын нақтылау қажет. Теориялар шеңберінде «әлеуметтік статус» ұғымын «әлеуметтік стратификация», «әлеуметтік ұтқырлық», «әлеуметтік іс-әрекет» дей келе, М.Вебер зерттеді[12, б.147-156]. Ресейлік ғалым Б.Г.Ананьев «статусты» атрибутивтік тәсіл аясында және әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі жеке тұлғаның жағдайы, күйі ретінде қарастырды[13, б.288]. Американдық әлеуметтанушы Элис Мэрвик

«статустарды» әлеуметтік желілерді пайдаланушылардың өзін-өзі сипаттауы ретінде қарастырады [14, б.126]. Автордың пікірінше, әлеуметтік желіні пайдаланушының «статусы» туралы жалпы түсінік тұрақты емес, бірақ субъект туралы жан-жақты көптеген ақпараттардан тұрады.

Ғаламдық интернет желісінің қазіргі әлемінде «статус» ұғымы тың мағынаға ие болды және әлеуметтік желілерде кеңінен қолданылады: Инстаграм, ВКонтакте, Фейсбук және т.б. Белгілі мәдениеттанушы В.Н.Мерзлякованың пікірінше статус – бұл белгілі бір нормалар мен құндылықтар жүйесіне сәйкес жеке тұлғаның «позициясы»; ең бастысы, статус – бір нәрсеге және біреуге қатысты арқылы анықталады [15, б.148-157].

Осындай сан түрлі бір-біріне ұқсамайтын арагидік, кереғар келетін зерттеу нәтижелері мен пікірлерді түйіндей отырып, әлеуметтік медиада «статус» ұғымының әлі толық зерттелмегендігін байқаймыз. Десе де, көптеген зерттеушілердің пікірін қорытындылай келе, әлеуметтік желілердің жастардың әлеуметтенуі мен мағыналық-өмірлік бағдарларының қалыптасуы процесіне екі жақты әсер ететіндігі анық байқалады: бір жағынан – қарым - қатынасты дамытып пайдалы нетворкингке жол ашса, ал екінші жағынан – интернетке тәуелділікті арттырып, руханияттың кедейленуіне жол ашуда. Осы тақырыптың өзектілігіне байланысты зерттеу

Кесте 1.

«Мағыналық-өмірлік бағдарлар» тестінен алынған нәтижелердің корреляциялық талдауы.

| Шкалалар          | Орташа мән              |                        | Манна-Уитни критерийі (U) |
|-------------------|-------------------------|------------------------|---------------------------|
|                   | 1 топ<br>(қыздар, n=33) | 2 топ<br>(ұлдар, n=27) |                           |
| Өмірлік мақсаттар | 30,2                    | 23,1                   | 58,5*                     |
| Өмір процесі      | 30,7                    | 29,4                   | 394,5                     |
| Өмір нәтижелілігі | 25,4                    | 26,6                   | 408,0                     |

жұмысының мақсаты – студенттердің мағыналық-өмірлік бағдарлары мен әлеуметтік желідегі статусының өзара байланысын анықтау болды.

### **Зерттеу шарттары мен әдістері.**

Зерттеуге 18 бен 21 жас аралығындағы екі жыныстағы 60 адам қатысты. Оның ішінде: 27 ұл және 33 қыз. Зерттеуге қатысушылардың барлығының Инстаграм әлеуметтік желісінде жеке аккаунттары бар ОҚМПУ-нің бірінші курс студенттері болып табылады.

Студенттердің мағыналық-өмірлік бағдарлары Д.А.Леонтьевтің «Мағыналық-өмірлік бағдарлар тесті (ӨМБ)» әдістемесі бойынша анықталды [16], «Әлеуметтік желідегі статус» сауалнамасы жүргізіліп, респонденттердің Инстаграм желісіндегі аккаунттарына талдау жасалды. Сауалнаманы өңдеу үшін объектілердің жиілік талдауы қолданылды.

ӨМБ тесті болашақта (өмірлік мақсаттар) немесе қазіргі (өмір процесіне қанағаттану) немесе өткен (өмір нәтижесіне қанағаттану) немесе барлық үш құрамдас бөлікте адам таба алатын өмір мағынасының «қайнар көзін» бағалауға мүмкіндік береді [16, б.22]. Бастапқы деректер мен есептеулерді өңдеу үшін сандық және сапалық статистикалық талдау әдістері қолданылды: Спирменнің корреляциялық анализі және Манна-Уитнидің U критерийі. Зерттеу базасы: Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті.

### **Зерттеу нәтижелері.**

Әлеуметтік желідегі статустарға сәйкес студенттердің  
мағыналық-өмірлік бағдарларын зерттеу

|  |                          |       |       |       |
|--|--------------------------|-------|-------|-------|
|  | Бақылау локусы – Мен     | 31,6  | 20,1  | 56,5* |
|  | Бақылау локусы – Өмір    | 31,4  | 31,4  | 420,0 |
|  | ӨМБ-ның жалпы көрсеткіші | 106,4 | 102,4 | 422,5 |

*Ескерту: корреляция коэффициенттері мәнділіктің  $p \leq 0,01$  көрсеткішіне ие.*

1-кестеде көріп отырғанымыздай, респонденттердің жалпы ӨМБ көрсеткіші 102,4 баллды құрайды (әдістеме авторы – Д.А.Леонтьевтің нормалары бойынша орташа мәні 103,1 балл), бұл жастардың мағыналық-өмірлік деңгейінің қалыпты екендігін көрсетеді. Қыздар өмірінің жалпы мәнінің орташа мәнділігі айтарлықтай жоғары және – 106,4 балл, нормативтік мәндер бойынша орташа – 95,8 балл. Бұл – қыздардың мағыналық-өмірлік деңгейінің жоғары екендігін, сәйкесінше бүгінгі және болашағы туралы терең толғанатынын аңғартады, өйткені оларда бұл көрсеткіш ұлдарға қарағанда орташа шамадан едәуір жоғары. ӨМБ тестінің көрсеткіштері бойынша нәтижелер келесідей бөлінді: қыздарда «өмірлік мақсаттар» шкаласы бойынша орташа көрсеткіштер ұлдарға (23,1) қарағанда жоғары (30,2), бұл қыздардың мақсаттылығын және олардың болашаққа қойылған айқын мақсаттарының болуын көрсетеді. «Өмір процесі» шкаласы бойынша орташа мәндер ұлдарда (29,4) және қыздарда (30,7) нормаға сәйкес келеді, яғни жастар өз өмірлерін, студенттік жылдарды – қызықты, эмоционалды және мағыналы деп бағалайды. «Өмір нәтижесі» шкаласы бойынша қыздар (25,4) мен ұлдар (26,6) өткен өмір кезеңін бірауыздан өнімді және қанағаттанарлық деп бағалады. «Бақылау локусы – Мен» шкаласы бойынша орташа көрсеткіштер қыздар (31,6) мен ұлдарда (20,1) айтарлықтай ерекшеленеді ( $U=56,500$ ,  $p \leq 0,01$

кезінде). Демек, қыздар өздерін мақсаттарына, міндеттеріне және оның мағынасы туралы идеяларына сәйкес өмірлерін құра алатын «күшті» адамдар деп санайды.

Ұл балалардағы «Бақылау локусы – Мен» шкаласы бойынша орташа мәnniң аз болуы (20,1) олардың өмірлік мақсат қоюға аса мән бермейтіндігін көрсетеді, өйткені олардың іске асырылуы және өз өміріндегі оқиғаларды бақылау мүмкіндігі үшін жеке жауапкершілік алуға бейім емес. Бұл ретте қыздардағы «Бақылау локусы – Өмір» (немесе өмірді басқару) шкаласы бойынша салыстырмалы түрде жоғары орташа мән (31,2) өзіне деген сенімнің және шешім қабылдау еркіндігінің және оларды өмірде жүзеге асыру үшін жауапкершіліктің көрсеткіші болып табылады. Қыздар мен ұлдар арасындағы маңызды айырмашылықтар «Өмірдегі мақсаттар» шкаласы бойынша анықталды ( $U=58,500$ ,  $p \leq 0,01$  кезінде) және «Бақылау локусы – Мен» ( $U=56,500$ ,  $p \leq 0,01$  кезінде).

Демек, сұрақнама нәтижесі бойынша қыздар – өз өмірлерін мағыналы деп санайды, сондай-ақ олар болашағын жоспарлауға бейімделген. Ұл балалар – өз өмірінің мағынасын тереңнен емес үстіртін саралайды, мағыналық-өмірлік деңгейі қыздармен салыстырғанда төмен деңгейде анықталады, мақсаттың жүзеге асыуы мейлінше сыртқы ортаға тәуелді деп санағандықтан келешекке мақсат қоюға бейім емес.

Біз алған нәтижелер А.Г.Хайбулаеваның зерттеу нәтижелерімен үндеседі, мұнда дағыстандық студенттердің өмірлік мақсаттары оларды реализациялау үшін жеке жауапкершілікпен және өз өміріндегі оқиғаларды бақылауда ұстай алмауымен байланыстырылады[1].

Біздің зерттеудің келесі кезеңі Инстаграм әлеуметтік желісіндегі студенттердің статустарын зерттеу болды. Зерттеуге қатысушылар алдымен әлеуметтік желідегі статустарына байланысты жеке сауалнаманы толтырды. Бұдан әрі сауалнамада көрсетілген статустың мазмұндық жағына талдау жүргізілді:

- «Махаббат/сүйікті адам»
- «Жеке хобби/музыка/бейне ойындар» және т.б.
- «Достық құндылықтары/эмпатия»
- «Жетекші әлеуметтік қызмет (оқу/жұмыс)»
- «Материалдық тәуелсіздікке ұмтылу»
- «Көшбасшылыққа/беделге ұмтылу»

Берілген шкала бойынша мағыналық құндылықтарды көрсетпеген статустарды біз кездейсоқ деп бағаладық (мысалы, мұндай статустарға валюта бағамдары, қала маңындағы көлік кестелері және т.б. бойынша репосттарды жатқызуға болады).

Талдау нәтижесінде біз Инстаграм әлеуметтік желісіндегі студенттер статустарының құрылымдық мағынасын келесідей бөлдік. Инстаграмдағы статустарды талдағанда келесі мағыналар басым: жетекші әлеуметтік қызмет (25%) және жеке қызығулар/хобби (25%). Қыздарда әлеуметтік желідегі статустардың мынадай мағыналары басым: махаббат/сүйікті адам (30%) және әлеуметтік және материалдық тәуелсіздікке ұмтылу (25%).

Манна-Уитнидің U критерийін қолдана отырып жүргізілген статистикалық салыстырмалы талдау нәтижесінде әлеуметтік желідегі статустар бойынша салыстырылатын екі топ бойынша статустардың құрылымдық мағынасы негізінде «Махаббат/сүйікті адам» ( $U=370,500$ ) және «Материалдық тәуелсіздікке ұмтылу» ( $U = 373,500$ )  $p \leq 0,01$  қателік ықтималдығының берілген деңгейімен сенімді мәнділік анықталды. Инстаграм желісінде қыздар ұлдарға қарағанда «Махаббат/сүйікті адам» мағыналы статустар мен «Материалдық тәуелсіздікке ұмтылу» мағынасындағы статустарды жиі жариялайды.

Қыздар мен ұлдардың әлеуметтік желідегі өмірлікмәнділік бағдарлар мен мәртебелердің байланысын анықтау үшін біз Пирсонның корреляция коэффициентін қолдандық. Инстаграмдағы статустың құрылымдық мағыналарымен ( $p \leq 0,01$  және  $p \leq 0,05$  деңгейіндегі корреляция коэффициенттері) ӨМБ корреляциялық байланыстарының құрылымын қарастырамыз.

Ерлер үлгісінде «Көшбасшылық / беделге ұмтылу» мағыналы статус «Өмірлік мақсаттар» ( $r = 0,527$ ;  $p \leq 0,05$ ) ӨМБ айнымалысымен корреляцияланады, бұл олардың өмірінің салыстырмалы деңгейде төмен мәнін, болашаққа қойған мақсаттарының беделді адамға немесе көшбасшыға тәуелділігін көрсетеді, олар өз-өздеріне аз үміт артады, бүгінмен өмір сүреді. «Махаббат/сүйікті адам» мағыналы статусты жиі таңдайтын жігіттердің «Өмір процесі» ( $r = 0,882$ ;  $p \leq 0,05$ ), «Өмір нәтижелігі» сияқты ӨМБ айнымалыларымен байланысты ( $r = 0,811$ ;  $p \leq 0,05$ ), «Бақылау локусы – Мен» ( $r = 0,910$ ;  $p \leq 0,05$ ). Аталған корреляциялар оң. Ер балаларда өмір процесі, оның өімділігі сүйіктісімен және онымен қарым-қатынасымен

корреляцияланады. Қазіргі уақытта көптеген жастардың мақсатты таңдау үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға дайындық деңгейінің төмендігінің салдарынан оларда өмірдің мәні туралы идеялар жеткіліксіз қалыптасқандығы анықталды. «Достық құндылығы / эмпатия» мағыналы статусты таңдайтын ұлдарда тест нәтижесінде «Мағыналық-өмірлік бағдарлар» шкаласының айнымалыларымен үлкен мәнде корреляцияланады. Аталған корреляциялар теріс мәнде болды, мұндағы ең жақын байланыс «Өмір процесі» шкаласынан байқалады ( $r = -0,421$ ;  $p \leq 0,01$ ). ӨМБ айнымалыларымен әлсіз корреляциялар: «Өмір нәтижелілігі» ( $r = -0,556$ ;  $p \leq 0,05$ ); «Бақылау локусы – Мен» ( $r = -0,612$ ;  $p \leq 0,05$ ); «Бақылау локусы – Өмір» ( $r = -0,504$ ;  $p \leq 0,05$ ). Бұл респонденттердің өз өмірлерін қызықты, эмоционалды түрде қаныққан және студенттік шақтағы өмір кезеңдерін мағынаға толы деп бағалайтынын көрсетеді, алайда достыққа толық сенбейтіндігін аңғартады.

Қыздар тобындағы ӨМБ-ның жалпы көрсеткішіндегі «Махаббат / сүйікті адам» шкаласы әлеуметтік желідегі статустың мағынасына тікелей тәуелділікке ие ( $r = 0,652$ ;  $p \leq 0,05$ ). Барлық басқа айнымалылар мағыналық-өмірлік бағдар тесттері ( $p \leq 0,05$  деңгейінде) студенттердің «Махаббат / сүйікті адам» статусының құрылымдық мағынасымен байланысты: «Өмірлік мақсаттар» ( $r = 0,720$ ;  $p \leq 0,05$ ); «Өмір процесі» ( $r = 0,725$ ;  $p \leq 0,05$ ); «Өмір нәтижелілігі» ( $r = 0,768$ ;  $p \leq 0,05$ ); «Бақылау локусы – Мен» ( $r = 0,604$ ;  $p \leq 0,05$ ); «Бақылау локусы – Өмір» ( $r = 0,806$ ;  $p \leq 0,05$ ). «Бақылау локусы – Өмір» айнымалысы «Материалдық тәуелсіздікке ұмтылу» статусының құрылымдық мағынасына тікелей тәуелді ( $r = 0,344$ ;  $p \leq 0,05$ ). Бұл

респонденттердің өз өмірлерін талдап, түсінетінін көрсетеді; өз өмірінің толыққанды қожайындары, үлкен махаббат туралы армандайды, өткенін, бүгінін және болашағын жақын адамымен қарым-қатынаста көреді, эмоционалды өмірдің қанықтылығы махаббатпен байланысты, ал болашақта олардың мақсаттары материалдық тәуелсіздікпен байланысты.

**Қорытынды.** Зерттеу нәтижесінде келесі тұжырымдар жасалды:

1. «ӨМБ» жалпы көрсеткіші қыздардың өмірін, өткенін, бүгінін және болашағын көбірек түсінетіндігін көрсетеді, өйткені оларда бұл көрсеткіш орташа деңгейге жетпейтін ұлдарға қарағанда орташа мәннен едәуір жоғары көрсеткішті көрсетті.

2. «Өмірлік мақсаттар» шкаласы бойынша қыздар – мақсаткерлікті, болашақтағы мақсаттарды нақты түсінеді, ал ер балалардың басым бөлігінде болашаққа нақты мақсаттары жоқ екендігі анықталды, олар өз мақсаттарын жүзеге асыру үшін жеке жауапкершілік алуға дайын еместіктерін байқатты; сондай-ақ олар өз өміріндегі оқиғаларды бақылау мүмкіндігіне сенбейді. «Өмір нәтижелілігі» шкаласы бойынша қыздар мен ұлдар өткен өмір кезеңі нәтижелі және бүгінгі таңда студенттік өмірге қанағаттанумен бағалайтындығын байқатты.

3. Қыздар мен ұлдар арасындағы мағыналық-өмірлік бағдардың маңызды айырмашылықтары «Өмірлік мақсаттар» және «Бақылау локусы» шкалалары бойынша анықталды. Қыздар өз өмірлерінің мағыналы екендігіне сенді және олар болашағын жоспарлауға бейім келеді. Ал ұлдар қауымы өз өмірінің мәнділігін төмен деңгейде түсінеді және болашаққа мақсат қоюға бейім емес, себебі көп жағдайда оларды

жүзеге асыру өздеріне байланысты емес деп санайды.

4. «Көшбасшылыққа / беделге ұмтылу» статусының құрылымдық мағынасы бар ұлдар өз өмірлерін төмен деңгейде саналайды, олардың болашақтағы мақсаттары көбінше беделді тұлғаға немесе көшбасшыға тікелей байланысты; сәйкесінше келешекке, өздеріне аз үміт артады, мейлінше көшбасшының қолдауын күтеді. «Махаббат/сүйікті адам» статусын таңдаған ұлдар өмір процесін, оның өнімділігін жақын адамымен, онымен қарым-қатынасымен байланыстырады. Қазіргі уақытта ұлдар өмірлік мақсатты таңдау үшін жауапкершілікті өз мойнына алуға дайын емес, оларда өмірдің мәні туралы идеялар толық мәнде қалыптаспағанын көрсетті. «Достық құндылығы/эмпатия» статусының құрылымдық мағынасы бар

жастар өз өмірлерін қызықты деп бағалайды, бірақ шынай достыққа сенімсіздікпен қарайды.

5. Қыздар тобындағы жалпы көрсеткіш және өмірлік бағдарлардың барлық басқа айнымалылары Инстаграм әлеуметтік желісіндегі «Махаббат/сүйікті адам» құрылымдық мағынасына сай статусқа тікелей тәуелді болды. «Бақылау локусы – Өмір» айнымалысы статусының құрылымдық мағынасымен «Материалдық тәуелсіздікке ұмтылу» шкаласы тікелей корреляцияланады, демек, бұл қазіргі уақытта қыздардың өз өмірлерін өз қалауы бойынша құру жолында екендігін, өз өмірлерін басқауды өз жауапкершілігіне алатындығын, ал болашақта олардың мақсаттары материалдық тәуелсіздікпен байланысты екендігін көрсетеді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Хайбулаева, А.Г. Динамика ценностных и смысложизненных ориентаций молодежи в полиэтнической образовательной среде [Текст]: автореф. дис. ... канд. психол. наук / А.Г. Хайбулаева. – Махачкала: Дагестанский гос. Ун-т, 2015. – 24 с.
2. Насрадин, Е.М. Структура и динамика ценностно-смысложизненных ориентаций студентов педагогического вуза (на материале Салахаддин и Дахук университета Курдистана – Ирака) [Текст]: автореф. дис. ... канд. психол. наук / Е.М.Насрадин – Москва: Московский педагогический гос. ун-т, 2010. – 28 с.
3. Осипов, Ф.М. Формирование профессионально значимых смысложизненных ориентаций будущих психологов [Текст]: автореф. дис. ... канд. психол. наук / Ф.М. Осипов – Нижний Новгород, 2015. – 25 с.
4. Кленова, М.А. Смысложизненные ориентации и социальное самочувствие молодежи [Текст] М.А. Кленова // Известия Саратовского ун-та. Серия: Философия. Психология. Педагогика. 2016. № С. 79–84.
5. Князева, Т.Н. Особенности ценностных и смысложизненных ориентаций студентов-будущих психологов [Текст] / Т.Н. Князева, А.Р. Масалимова, М.Б. Батюка // Вестник Мининского университета. 2016. №2. URL: <https://vestnik.mininuniver.ru/jour/article/view/216> (дата обращения: 06.01.2023).
6. Михайлюк, А.Н. Особенности смысложизненных ориентаций молодых людей – представителей различных неформальных объединений [Текст] / А.Н. Михайлюк // Саратовский психологический вестник. 2010. №3. С. 26–30.
7. Мальгина, А.В. Смысложизненные ориентации в разных жизненных ситуациях [Текст]: автореф. дис. ... канд. психол. наук / А.В. Мальгина. – Санкт-Петербург, 2015. – 26 с.
8. Безбогова, М.С. Социальные сети как фактор формирования социальных установок современной молодежи [Текст]: автореф. дис. ... канд. психол. наук / М.С. Безбогова. – Москва, 2017. – 25 с.
9. Шаповаленко, А.А. Психологическая суверенность личности в интернет-среде (на примере студентов-участников социальной сети Инстаграм) [Текст]: автореф. дис. ... канд. психол. наук / А.А. Шаповаленко. – Москва, 2016. – 25 с.

10. Загутин, Д.С. Влияние социальных сетей на социализацию молодежи: интенсивность, уровни, последствия [Текст] / Д.С. Загутин, А.А.Степанова // Образование. Наука. Инновации. 2015. №1 (39). С. 111–116.
11. Самсонова, Н.Н. Взаимосвязь интернет-коммуникаций и социального поведения молодежи [Текст]: автореф. дис. ... канд. психол. наук / Н.Н. Самсонова. – Москва, 2018. – 27 с.
12. Вебер, М. Основные понятия стратификации [Текст] / М.Вебер // Социологические исследования, 1994. № 5. – С. 147–156. Режим доступа: [http://www.umk.virmk.ru/study/UDISCIPLINA/U-posob/Veber\\_2.htm](http://www.umk.virmk.ru/study/UDISCIPLINA/U-posob/Veber_2.htm).
13. Ананьев, Б.Г. Человек как предмет познания [Текст] / Б.Г. Ананьев. – СПб.: Питер, 2001. – 288 с. (Серия «Мастера психологии»).
14. Marwick, A. Status Update – celebrity, publicity and branding in the social media. L., Yale University Press, 2013. P.126.
15. Мерзлякова, В.Н. Репрезентация статуса пользователей социальных сетей – язык, опыт, стратегии [Текст] / В.Н. Мерзлякова // Вестник РГГУ. Серия: история. Филология. Культурология. Востоковедение. 2016. № 2 (11). С. 148–157.
16. Леонтьев, Д.А. Тест смысловых ориентаций (СЖО) [Текст] / Д.А. Леонтьев – 2-е изд. – М.: Смысл, Серия: Психодиагностическая серия, 2006. – 22 с.

Г.Ғ.Паримбай\*, М.М.Досанова, А.Ш.Баймахова

*Южно-Казахстанский педагогический университет им. У.Жанибеков, Шымкент, Казахстан*

#### ИЗУЧЕНИЕ СМЫСЛОЖИЗНЕННОЙ ОРИЕНТАЦИИ СТУДЕНТОВ В СООТВЕТСТВИИ СО СТАТУСАМИ В СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЯХ

**Аннотация.** Статья посвящена актуальной теме, направленной на изучение влияния социальных сетей на формирование ценностных ориентаций и смысловых ориентаций современных молодежи. В данной статье представлены результаты изучения жизненных ориентаций и их структурного значения «статусов» студентов в социальной сети «Instagram»; рассмотрены сходства и различия в жизненных ориентациях девушек и юношей и особенности выбора их статусов в социальной сети в соответствии со структурным смыслом. На основе исследовательской работы были выявлены существенные различия в студенческих группах по шкале «Жизненные цели» и «Локус контроля – Я» на основе шкалы «Жизненные ориентиры». Согласно результатам исследования, девушки по сравнению с юношами – считают свою жизнь значимой, планируют свое будущее, считают себя хозяевами своей жизни. А юноши – на сравнительно небольшом уровне определяют смыслы своей жизни и не склонны ставить цели на будущее, а также считают, что реализация цели зависит от них в слишком малых количествах. В статье представлен корреляционный анализ взаимосвязи статусов в социальных сетях со смысловой стороной жизненных ориентиров. Было обнаружено, что молодые люди, выбирающие статус «Стремление к лидерству/авторитету», имеют более низкий уровень жизненного контекста, их будущие цели зависят от более высокого авторитета и лидерства, следовательно, имеют более низкий уровень уверенности в себе. Исследование показало, что юноши не готовы брать на себя высокую ответственность за выбор цели, хотя часто выбирают статус, означающий «Ценность дружбы/эмпатия». Юноши и девушки, выбравшие статус «Любовь/любимый человек», тесно связывают жизненный процесс, его эффективность с любимым человеком, отношения с ним. Девушки, выбравшие статус «Стремления к материальной независимости», являются полноправными хозяевами своей жизни, могут строить свою жизнь по своему усмотрению, а в дальнейшем их цели связаны с материальной независимостью.

**Ключевые слова:** смысло-жизненная ориентация; социальный статус; статус в социальной сети; социальная сеть Инстаграм; молодежь; социализация.

G.G.Parimbay\*, M.M.Dossanova, A.Sh.Baymakhova

*South Kazakhstan Pedagogical University named after O.Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan*

## THE STUDY OF THE MEANING OF LIFE ORIENTATION OF STUDENTS IN ACCORDANCE WITH THE STATUSES IN SOCIAL NETWORKS

**Abstract.** The article is devoted to an urgent topic aimed at studying the influence of social networks on the formation of value orientations and the meaning of life orientation of modern youth. This article presents the results of studying the life orientations and their structural meaning of the «statuses» of students in the social network «Instagram»; the similarities and differences in the life orientations of girls and boys and the peculiarities of choosing their statuses in the social network in accordance with the structural meaning are considered. Based on the research work, significant differences were revealed in the student groups on the scale of «Life goals» and «Locus of control – I» based on the scale of «Life guidelines». According to the results of the study, girls, compared with boys, consider their lives significant, plan their future, consider themselves masters of their lives. And young men – at a relatively small level determine the meanings of their lives and are not inclined to set goals for the future, and also believe that the realization of the goal depends on them in too small quantities. The article presents a correlation analysis of the relationship of statuses in social networks with the semantic side of life orientations. It was found that young people who choose the status of «Striving for Leadership/authority» have a lower level of life context, their future goals depend on higher authority and leadership, therefore, have a lower level of self-confidence. The study showed that young men are not ready to take on high responsibility for choosing a goal, although they often choose a status meaning «The value of friendship/empathy». Boys and girls who have chosen the status of «Love / beloved person» closely associate the life process, its effectiveness with a loved one, relationships with him. Girls who have chosen the status of «Striving for material independence» are the rightful masters of their lives, can build their lives at their discretion, and in the future their goals are related to material independence.

**Keywords:** meaning-life orientation; status in the social network; social network Instagram; youth; socialization.

## References

1. Khaibulayeva, A.G. Dinamika cennostnyh i smyslozhiznennyh orientacij molodezhi v polietnicheskoy obrazovatel'noj srede [Dynamics of value and meaning-based orientations of youth in a multiethnic educational environment] [Text]: abstract of the dissertation. ... cand. Psychological sciences / A.G. Khaibulayeva. – Makhachkala: Dagestan State University Univ., 2015. – 24 p.
2. Nasraddin, E.M. Struktura i dinamika cennostno-smyslozhiznennyh orientacij studentov pedagogicheskogo vuza (na materiale Salahaddin i Dahuk universiteta Kurdistana – Iraka) [The structure and dynamics of value-life orientations of students of a pedagogical university (based on the material of Salahaddin and Dahuk University of Kurdistan – Iraq)] [Text]: abstract of the dissertation. ... cand. Psychological Sciences / E.M.Nasraddin – Moscow: Moscow Pedagogical State University, 2010. – 28 p.

3. Osipov, F.M. Formirovanie professional'no znachimyh smyslozhiznennykh orientacij budushchih psihologov [Formation of professionally significant life-meaning orientations of future psychologists] [Text]: abstract of the dissertation. ... cand. psychological sciences / F.M. Osipov – Nizhny Novgorod, 2015. – 25 p.
4. Klenova, M.A. Smyslozhiznennye orientacii i social'noe samochuvstvie molodezhi [Meaningful life orientations and social well-being of youth] [Text] M.A. Klenova // Izvestia of the Saratov University. Series: Philosophy. Psychology. Pedagogy. 2016. no. pp. 79-84.
5. Knyazeva, T.N. Osobennosti cennostnykh i smyslozhiznennykh orientacij studentov-budushchih psihologov [Features of value and meaning-based orientations of students-future psychologists] [Text] / T.N. Knyazeva, A.R. Masalimova, M.B. Batyuk // Bulletin of Mininsky University. 2016. No. 2. URL: <https://vestnik.mininuniver.ru/jour/article/view/216> (date of reference: 01/06/2023).
6. Mikhailyuk, A.N. Osobennosti smyslozhiznennykh orientacij molodyh lyudej – predstavitelej razlichnykh neformal'nykh ob"edinenij [Features of the semantic orientations of young people – representatives of various informal associations] [Text] / A.N. Mikhailyuk // Saratov Psychological Bulletin. 2010. No. 3. pp. 26-30.
7. Malgina, A.V. Smyslozhiznennye orientacii v raznykh zhiznennykh situatsiyah [Meaningful life orientations in different life situations] [Text]: abstract of the dissertation. ... cand. Psychological sciences / A.V. Malgina. – St. Petersburg, 2015. – 26 p.
8. Bebogova, M.S. Social'nye seti kak faktor formirovaniya social'nykh ustanovok sovremennoj molodezhi [Social networks as a factor in the formation of social attitudes of modern youth] [Text]: abstract of the dissertation. ... cand. Psychological sciences / M.S. Bebogova. – Moscow, 2017. – 25 p.
9. Shapovalenko, A.A. Psihologicheskaya suverennost' lichnosti v internet-srede (na primere studentov-uchastnikov social'noj seti Instargam) [Psychological sovereignty of personality in the Internet environment (on the example of students participating in the social network Instargam)] [Text]: abstract of the dissertation. ... cand. Psychological sciences / A.A. Shapovalenko. – Moscow, 2016. – 25 p.
10. Zagutin, D.S. Vliyanie social'nykh setej na socializatsiyu molodezhi: intensivnost', urovni, posledstviya [The influence of social networks on the socialization of youth: intensity, levels, consequences] [Text] / D.S. Zagutin, A.A. Stepanova // Education. Science. Innovation. 2015. No. 1 (39). pp. 111-116.
11. Samsonova, N.N. Vzaimosvyaz' internet-kommunikacij i social'nogo povedeniya molodezhi [Interrelation of Internet communications and social behavior of youth] [Text]: abstract of the dissertation ... cand. Psychological sciences / N.N. Samsonova. – Moscow, 2018. – 27 p.
12. Weber, M. Osnovnye ponyatiya stratifikacii [Basic concepts of stratification] [Text] / M. Weber // Sociological Research, 1994, No. 5, pp. 147-156. Access mode: [http://www.umk.virmk.ru/study/UDISCIPLINA/U-posob/Veber\\_2.htm](http://www.umk.virmk.ru/study/UDISCIPLINA/U-posob/Veber_2.htm).
13. Ananyev, B.G. Chelovek kak predmet poznaniya [Man as an object of cognition] [Text] / B.G. Ananyev. – St. Petersburg: Peter, 2001. – 288 p. (The series "Masters of Psychology").

14. Marwick, A. Status Update – celebrity, publicity and branding in the social media. L., Yale University Press, 2013. p.126.
15. Merzlyakova, V.N. Reprezentaciya statusa pol'zovatelej social'nyh setej – yazyk, opyt, strategii [Representation of the status of users of social networks – language, experience, strategies] [Text] / V.N. Merzlyakova // Bulletin of the Russian State University of Economics. Series: history. Philology. Cultural studies. Oriental studies. 2016. No. 2 (11). pp. 148-157.
16. Leontiev, D.A. Test smyslozhiznennyh orientacij [Test of semantic orientations] [Text] / D.A. Leontiev – 2nd ed. – M.: Sense, Series: Psychodiagnostic series, 2006. – 22 p.


*20.05.25 ж. баспаға түсті.*

*17.06.25 ж. түзетулермен түсті.*

*25.06.25 ж. басып шығаруға қабылданды.*

*Мақалаға сілтеме:*

*Паримбай, Г.Ф. Әлеуметтік желідегі статустарға сәйкес студенттердің мағыналық-өмірлік бағдарларын зерттеу [Мәтін] / Г.Ф. Паримбай, М.М.Досанова, А.Ш. Баймахова // Dumaty University Хабаршысы. – 2025. – №2. – Б.160-171*  
<https://doi.org/10.55956/ZQKP8126>



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).